



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№19 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**

**Ең төменгі резервтік талаптар туралы жаңа қағидалар жөнінде**

**2014 жылғы 26 наурыз**

**Алматы қ.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2015 жылғы 20 наурызда «Банктердің есеп айырысу үшін қабылдайтын міндеттемелерінің құрылымын, ең төменгі резервтік талаптарды орындау шарттарын, резервке қою тәртібін қоса алғанда, ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды» бекітті, сондай-ақ ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгіледі.

Ең төменгі резервтік талаптар тетігіне өзгерістер Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты құралдарының жүйесін жетілдіру және Қазақстанда инфляциялық таргеттеу режимін енгізу шеңберінде енгізілді.

Банктердің ұлттық валютадағы міндеттемелерінің өсуін одан әрі ынталандыру және қаржы секторын долларландыруды төмендету мақсатында Ұлттық Банк резиденттік пен мерзімдік қағидатын сақтай отырып, міндеттемелерді теңгедегі және шетел валютасындағы деп бөлуді көздейтін резервтік міндеттемелердің анағұрлым жан-жақты құрылымын енгізді.

Оған қоса, банктердің өтімділікті басқару жөніндегі мүмкіндігін жақсарту мақсатында орташаландыру қағидаты сақтала отырып ең төменгі резервтік талаптарды есептеу тәртібі өзгертіледі. 2015 жылғы 23 маусымнан бастап ең төменгі резервтік талаптарды айқындау және резервтік активтерді қалыптастыру кезеңдері күнтізбелік 28 күнді құрайды және тікелей бірінен соң бірі келетін болады. Бұл Ұлттық Банк үшін ашық нарықта операцияларды жүргізу қажеттілігін бағалауға және өтімділікті басқару сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Болашақта ең төменгі резервтік талаптарды орындау кезінде негізгі рөл банктердің Ұлттық Банктегі ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарын пайдалануға берілетін болады. Ең төменгі резервтік талаптарды орындау үшін қолма-қол ақша кассасының көлемі 2015 жылғы 23 маусымнан бастап ең төменгі резервтік талаптарды айқындау кезеңі үшін ең төменгі резервтік талаптардың орташа мөлшерінің 70%-нан аспайтын, 2016

жылғы 5 қаңтардан бастап – ең төменгі резервтік талаптарды айқындау кезеңі үшін ең төменгі резервтік талаптардың орташа мөлшерінің 50%-нан аспайтын болады.

Резервтік міндеттемелердің әрбір түрі бойынша 2015 жылғы 12 мамырдан бастап ең төменгі резервтік талаптардың мынадай жеке нормативі белгіленді:

- 1) банктің ұлттық валютадағы қысқамерзімді ішкі міндеттемелері үшін 2,0%;
- 2) банктің ұлттық валютадағы қысқамерзімді сыртқы міндеттемелері үшін 4,0%;
- 3) банктің ұлттық валютадағы ұзақмерзімді ішкі міндеттемелері үшін 0,0%;
- 4) банктің ұлттық валютадағы ұзақмерзімді сыртқы міндеттемелері үшін 2,0%;
- 5) банктің шетел валютасындағы қысқамерзімді ішкі міндеттемелері үшін 2,0%;
- 6) банктің шетел валютасындағы қысқамерзімді сыртқы міндеттемелері үшін 6,0%;
- 7) банктің шетел валютасындағы ұзақмерзімді ішкі міндеттемелері үшін 0,0%;
- 8) банктің шетел валютасындағы ұзақмерзімді сыртқы міндеттемелері үшін 2,0%.

Ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша неғұрлым төменгі нормативтерді белгілеу теңгемен көрсетілген құралдардың тартымдылығын арттырып, экономиканы долларландыруды төмендетуге ықпал ететін болады. Көрсетілген ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу нәтижесінде, бағалау бойынша, банк жүйесінің ұлттық валютадағы өтімділігі 40 млрд. теңгеге ұлғаяды, олар банктердің экономиканың нақты секторын кредиттеуіне бағытталуы мүмкін.

***Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).***